

Х. Ә. Қарабаева,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, доценті, ф.ғ.к.

ПРОФЕССОР Т. САЙРАБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қоғам дамып, ілгерілеген сайын, оның тілі де соғұрлым жаңа атаулармен толығып жетіле түсетіндігі заңды құбылыс. Алайда тілдегі өзгеріс оның барлық саласын бірдей қамти алмайды. Өзгеріске бейім тұратыны – оның лексикасы. Әсіресе, терминологиялық лексиканың бұл ретте жаңарып, түрлену сипаты қарқынды келеді. ХХІ ғасырдағы қоғамның әлеуметтік-экономикалық ерекшелігін айқындайтын, технологиялық жетістіктері мен мүмкіндіктерінің негізінде туындап, қоғам өмірінің түрлі салаларында пәрменді қолданылып жүрген *президент, банк, банкомат, кредит, валюта, лицензия, тендер, рейтинг, тест, компьютер, интернет, сайт* сияқты көптеген халықаралық терминдер қазақ тілінің сөздік құрамына еніп те кетті.

Бұл аталған құбылыстың ықпалынан лингвистикалық терминдер де сырт қалмаған. Мәселен, соңғы жиырма жылдың көлемінде орын алған тіл-тілдердегі жаңалық қазақ тіліне функционалды грамматиканың енуіне үлкен көмегі тиді. Сол сияқты фонетика саласында эксперимент әдісі арқылы дыбыстарды жаңаша қарау мәселесі де қолға алынды. Осы салаға қатысты зерттеле басталған интонация мәселесі тек фонетикада ғана емес тікелей синтаксис саласымен байланысты зерттеле бастады. Қазіргі қазақ тілінің осындай бағытта өріс алуымен жаңа тілдік терминдер қатары өсті. Мысалы, фонетика саласы (*сегментті фонетика, суперсегментті фонетика, интонама, интология, просодия тәсілі, үндесім түрлері, жасалым қоры, тілшік*), сөзжасам саласы (*сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық мағына, семантикалық сөзжасам, екіншілік мағына, сөзжасам жүйесі, сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық саты*), морфология саласы (*субстантив зат есімдер, зат есімдер сөзжасамы, сын есімдер сөзжасамы, жақсыз зат есім*), синтаксис саласы (*салалас сөз тіркесі, күрделі синтаксистік тұтастық, параллель байланысты күрделі синтаксистік тұтастық, тізбекті күрделі синтаксистік тұтас-*

тық, мәтін, парадигма, синтагматика, функционалды грамматика) жаңа атау, терминдермен толықты.

Қазіргі қазақ терминологиясының осы сынды және өзге де маңызды мәселелері профессор Т. Сайрамбаевтың «Терминдердің сөз тіркесіндегі құрылымдық ерекшеліктері туралы» (1986), «Лингвистический словарь и вопросы статистики» (1990), «Лингвистикалық сөздік, оның көлемі» (1991), «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа синтаксистік терминдер жинағы» (2000), «Лингвистикалық терминдерді қазақшалау туралы» (2004) және т.б. ғылыми мұраларында көрініс тапқан. Мұның сыртында 2007-2009 жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы 10.02.02. – қазақ тілі және түркі тілі мамандықтары бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д.14А.01.03 диссертациялық кеңестің төрағасы болған кездерінде де диссертациялық еңбектерде қолданылған лингвистикалық терминдердің қазақ тілінде берілуіне ерекше мән беріп, оларды «қалайда қазақшалау бағытын» қолдайтындығының талай куәсі болды. Аталған бағыттың қазақ тіл білімінде жалғаса беруін жақтай отырып, ғалым: «химия, математика т.б. ғылыми терминдермен салыстырғанда, қазақ тілінің терминдері – ішкі құбылыс. Бұл саланың ғалымдары, студенттері, аспирант, магистрлері басқа мемлекетке бару жағынан гөрі өз мемлекетімізде ғана жұмыс істей алады. Осы салада жасалған оқулықтар тек өз елімізде ғана оқытылады. Ал бұл оқулықтар шет елдерге ауысқан кезде де тек қазақ тілді аудиториялар үшін апарылады. Осыған байланысты ғылымның басқа салаларына қарағанда филологиялық (тіл және әдебиетті қоса алып отырмыз) терминдер нағыз ұлттық мәнге ие болу керек» [1; 110], - деп, аталған үдерістің маңызын ең әуелі мемлекеттік мүдде тұрғысынан түсіндіреді.

Профессор Т. Сайрамбаевтың пікірінше, терминдердің қолданылу дәрежесі ғана емес, олардың «жасалу жолдары мен құрылымдық түрлерінің әдеттегі әдеби тіл нормасымен ара қатынасы, олардың контекстегі қолданылуы»

маңызды, өйткені «әрбір сөздің, терминдік тіркестердің, калькалық аударманың сөйлемде қолдануда ғана мағынасы нақтыланады» [2; 47]. Сондықтан ғалым терминдердің сөйлемде қолданылуын, біріншіден, терминдердің ішкі құрылымдық ерекшеліктер тұрғысынан, екіншіден, терминдердің сөйлем ішіндегі ерекшеліктері тұрғысынан қарастырады. Сөйлемдегі сөздердің өзара белгілі бір жүйеде байланыстынын негізге ала отырып, терминдік тіркестердің де белгілі бір байланысу тәсілі негізінде жасалатындығын қазақ тілі материалдары негізінде оның екі түрін анықтады. Оларды *қиыса байланысқан терминдер* және *қабыса байланысқан терминдер* деп атады. Шынтауайтына келгенде, осы терминдерді ғылыми айналымға енгізу арқылы профессор Т. Сайрамбаевтың өзі де қазақ тілі біліміндегі лингвистикалық терминдердің авторына айналды. Әрине, ғалымның авторлық терминдерінің, атап айтқанда сөз тіркестеріне қатысты терминдерінің саны әлде қайда көп болатындығына күмән жоқ. Себебі профессор Т. Сайрамбаев өзінің саналы ғұмырын қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркесінің синтаксисін, сөз тіркесінің құрамын, сөз тіркестерінің құрылысын, сөз тіркестерінің байланысу түрлерін, сөз таптарының сөз тіркестеріне қатысын, тілдік эмоцияның сөз тіркестері мен сөйлем мүшелеріне қатысын жан-жақты ғылыми түрде зерттеуге арнады. Сондықтан ғалымның 1991 жылы шыққан «Сөз тіркесі мен жай сөйлемнің синтаксисі» атты еңбегінің «Қазіргі қазақ тілі сөз тіркестерінің негізгі мәселелері» тарауында синтаксистік терминдер мәселесінің жеке тараушамен берілуі – заңдылық. Бұл ретте профессор Т. Сайрамбаев синтаксис саласында қолданылатын кейбір ұғым атауларының тарихына, олардың оқу құралдары мен оқулықтарда, лингвистикалық сөздіктерде берілу жүйесіне, жекелеген лингвист ғалымдардың терминқолданысындағы ерекшеліктеріне тоқтақталып, талдау жасайды. Қазақ ғалымдары С. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың лингвистикалық орысша-қазақша сөздігіне енген терминдердің ішінен синтаксис саласына қатысты терминдерге статистикалық талдау жүргізіп, олардың 26 алтысын сөз тіркесіне қатысты терминдер, 82-сін жай сөйлемге қатысты терминдер, 22-сін құрмалас сөйлемге қатысты терминдер, 13-ін тыныс белгісіне қатысты терминдер, 10-ын жалпы синтаксиске қатысты терминдер деп 5 топқа жіктеген.

Синтаксистік терминдерді құрамына қарай *дара синтаксистік терминдер* және *күрделі синтаксистік терминдер* деп 2 топқа бөледі. Профессор Т. Сайрамбаевтың анықтауы бойынша жоғарыда аталған лингвистикалық сөздікте сөз тіркестеріне қатысты 26 алты термин ғана болса, ғалымның кейінгі зерттеуі бойынша олардың қатары әлдеқайда өскен. Бұл туралы профессор Т. Сайрамбаев: «Жалпы барлық синтаксистік терминдерді беру бір жұмыста мүмкін емес. Сондықтан да сөз тіркесіне қатысты терминдерді ғана жеке беріп отырмыз» [3;195], - деп ұзын саны 110 терминді тізіп көрсеткен. Берілген лингвистикалық терминдердің қатарында *аналитикалық тәсіл, синтетикалық тәсіл, аналитикалық-синтетикалық тәсіл, интонация арқылы байланысу, модаль сөзді меңгеру, метафоралық сөз тіркестері, сөзтіркесінің синтаксистік қатынастары, субстантивті сөз тіркесі, фразалық тіркес* сияқты бір сыңары орыс тілі арқылы енген терминнің қатысуымен жасалған күрделі термин болса, қалғаны, негізінен қазақ тілінің байырғы төл сөздерінен немесе қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімделіп тілімізге сіңісті болып кеткен араб сөздерінен құралған күрделі терминдер болып келеді. Ал, бұл тізімде профессор Т. Сайрамбаевқа тиесілі авторлық терминдердің болатындығына еш шүбә келтірмейміз. Тек осы бағытта арнайы зерттеу жұмысын жүргізу алдағы уақыттың еншісінде.

Профессор Т. Сайрамбаев терминологиялық сөздіктерге, оның ішінде лингвистикалық сөздіктерге мән беру қажеттігіне үнемі көпшілік назарын аударады. Себебі, ғалымның пікірінше, қазіргі кезде қолданыста жүрген лингвистикалық сөздіктер «... тілдің дамуындағы терминдерді қамтуда өресі жетер емес. Өйткені ... сөздіктер, біріншіден, алғашқы ертедегі ғалымдар еңбегі, солар әзірше бұрынғыша қайта-қайта басылып, бізге жетекші дәрежеде болғанмен, күнделікті тілдік дамуды қамти алмаса керек. Сонда тілдік даму мен оның терминін жинастырып, оны жариялауда үлкен алшақтық бар. Мұның өзі тілдік терминнің зерттелуінің әлі де жетіспей жатқанын көрсетсе керек» [3; 71-72].

Жалпы терминдердің, оның ішінде тіл білімі саласында қолданылатын ұғым атауларының жылдан-жылға өсіп келе жатқандығын меңзеп профессор Т. Сайрамбаев: «бұрын тілдік терминдер бір ғана диссертациялық жұмыс ретінде берілсе, қазіргі кезде соның әрбір

саласының өзі бір-бір диссертация дәрежесіне жететін объектілері мол, бір термин туралы әртүрлі көзқарасты, олардың әртүрлі аталуы, берілуі, тіпті әр авторда әртүрлі жана терминдермен толығуда. Тіпті қазіргі кезде әр автордың жасаған терминдері жөнінде де сөз қозғау орынды болар еді» [3; 72-73], - дейді. Және бұл ойын іске асыру мақсатында студенттері бітіру жұмыстарын жазды. Ал 2004 жылы осы бағытта кандидаттық диссертация жұмысын қолға алып, мен профессордың ізденушісі болып ресми түрде бекітілдім. Алқашқыда маған қазақ ғылымының құнды мұрасы болып табылатын А. Байтұрсынұлы, профессор Қ. Жұбановтардың төл еңбектері негізінде олардың қазақ тіл білімі саласына енгізген авторлық терминдерін жинау жұмысы тапсырылды. Кейінірек профессордың ұйғарымымен көрнекті қазақ ғалымдары С. Амажолов пен Н. Сауранбаевтың авторлық терминдері де зерттеу нысанына айналды. Нәтижесінде А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев еңбектерінде қолданылған авторлық терминдердің тізімдемесі жасалды; Жиналған авторлық терминдер қазіргі қазақ тілінде қолданылу жиілігіне қарай *пәрменді (актив) термин* және *пәрменсіз (пассив) термин* деп жіктелді; олардың пәрменденуі мен пәрменсізденуінің лингвистикалық және экстроллингвистикалық себептері анықталды.

Қорыта айтқанда, профессор Т. Сайрамбаев – қазақ терминологиясының дамуына және

оның ғылыми тұрғыда зерттелуіне елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым. *Біріншіден*, профессор Т. Сайрамбаев лингвистикалық терминдерді мүмкіндігінше қазақтың төл сөздері негізінде беру бағытын басты қағида ретінде ұстанды; *екіншіден*, лингвистикалық терминдердің авторларын анықтау, қазақ тіл білімі терминдерінің қалыптасу тарихын нақтылау бағытын айқындап, суденттер мен ізденушілердің ғылыми зерттеу жұмысына жетекшілік жасады; *үшіншіден*, әр жылдары шыққан лингвистикалық сөздіктердің сапасына қатысты өз пікірін білдіріп отырды; *төртіншіден*, лингвистикалық сөздіктерге енген терминдерге статистикалық талдау жүргізді; *бесіншіден*, лингвистикалық терминдерді тіл білімінің салалары бойынша жіктеп зерттеудің үлгісін көрсетті; *алтыншыдан*, терминдік тіркестердің байланысу тәсілдерін анықтады; *жетіншіден*, профессор Т. Сайрамбаевтың өзі де бірнеше лингвистикалық терминдердің авторы ретінде танылды.

1. Лингвистикалық терминдерді қазақшалау туралы // Білім сапасы – ХХІ ғасыр өркениетінің кепілі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушы-профессорларының XXXIV ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары. 2-кітап. – Алматы: «Қазақ университеті», 2004. -108-110 бб.

2. Терминдердің сөз тіркесіндегі құрылымдық ерекшеліктері туралы // –Алматы: «Ғылым», 1986. -45-55 бб.

3. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа синтаксистік терминдер // Қостілді терминологиялық сөздіктерді құрастыру принциптері мен әдістері. –Алматы: «Қазақ университеті», 2000. -71-76 бб.

К. Карабаева

ВКЛАД ПРОФЕССОРА Т. САЙРАМБАЕВА В ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ

В статье рассматриваются основные принципы терминологической работы профессора Т. Сайрамбаева

K. Karabaeva

THE CONTRIBUTION OF PROFESSOR T. SAYRAMBAEVA TO THE STUDY OF KAZAKH

The report deals with the main principles of terminography of Professor T. Sayrambaev.